

Тіркеу №120
«15» тамыз 2023 ж.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2023 ж. «08»тамыздағы
№2 хаттамасымен бекітілді

«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің хаттамасымен/шешімімен бекітілген өзгерістер
мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Бекітілген күн	Хаттама №	Тіркеу №
1	Директорлар кеңесінің хаттамасы	«30» қазан 2023 ж.	№13	№158
2	Директорлар кеңесінің хаттамасы	«26» қаңтар 2024 ж.	№2	№18
3	Директорлар кеңесінің хаттамасы	«30» сәуір 2025 ж.	№ 5	№ 35
4		«__» _____ 202_ ж.	№ _____	№ _____

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Директорлар
кеңесінің 202__ ж. «__» _____ №_____ күші жойылды деп

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары	2-бет 13- беттен
---	--------------------------------	---------------------

танылды.

1-тарау. Жалпы ережелер

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 1-тармаққа толықтырулар енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 1-тармаққа толықтырулар енгізілді.

1. «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), **Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңына** (бұдан әрі – Баланың құқықтары туралы заң), сондай-ақ **Қазақстан Республикасының басқа нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді** және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ) және:

- 1) міндетті зейнетақы жарналарының салымшысы (бұдан әрі – МЗЖ салымшысы);
- 2) ерікті зейнетақы жарналарының салымшысы (бұдан әрі – ЕЗЖ салымшысы);
- 3) өзі үшін міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға (бұдан әрі – өзі үшін МКЗЖ аударылған жеке тұлға);

- 4) өзі үшін ерікті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға (бұдан әрі – өзі үшін ЕЗЖ аударылған жеке тұлға);

4-1) өзі үшін жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары аударылған жеке тұлға (бұдан әрі – өзі үшін ЖМЗЖ аударылған жеке тұлға);

4-2) нысаналы талаптарға қатысушы;

4-3) нысаналы жинақтарды алушы;

5) зейнетақы төлемдерін алушы (бұдан әрі – алушы);

6) міндетті зейнетақы жарналарын, **жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын**, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі – агент) арасындағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін белгілейді.

2. Жеке және заңды тұлғалар алушының пайдасына ЕЗЖ салымшылары бола алады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 2-1 тармақпен толықтырылды.

2-1. БЖЗҚ көрсететін қызметтер ақысыз ұсынылады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 2-тарау атауына толықтырулар енгізілді.

2-тарау. Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау **және шартты зейнетақы шоттарын ашу тәртібі**

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 3-тармаққа толықтырулар енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 3-тармаққа толықтырулар енгізілді.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары	3-бет 13- беттен
---	--------------------------------	---------------------

3. БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – МЗЖ), жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – ЖМЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналарын (бұдан әрі – ЕЗЖ) тартуды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – **Депозиттерге кепілдік беру туралы** заң) сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым (бұдан әрі – Ұйым) аударған, кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ЕЗЖ есепке жатқызуды және есепке алуды жүзеге асырады және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

4. БЖЗҚ-ның және МЗЖ салымшыларының, өздері үшін МКЗЖ аударылған жеке тұлғалардың (алушылардың) құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және өзге де құқықтық қатынастарын белгілейтін, МЗЖ, МКЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар қосылу шарттары болып табылады, оларды БЖЗҚ Кодекс негізінде әзірлейді, БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжатымен бекітіледі және БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

5. ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар БЖЗҚ-ның және ЕЗЖ салымшыларының (алушылардың) құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және өзге де құқықтық қатынастарын белгілейді.

ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жасау тәртібі және оның үлгілік нысаны қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) нормативтік құқықтық актісінде айқындалады және БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 6-тармаққа толықтырулар енгізілді.

6. Ұйым БЖЗҚ-ға салымшының (алушының) кепілдік берілетін депозиті бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомасын аударған жағдайда, ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт **Депозиттерге кепілдік беру туралы** заңға сәйкес БЖЗҚ мен Ұйым арасында жасалған келісімде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Ұйым ұсынған кепілдік берілетін депозиттер бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомалары бар салымшылардың (алушылардың) тізімі негізінде жасалады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 7-тармаққа өзгерістер енгізілді.

7. МЗЖ салымшысы, агент және өзі үшін МКЗЖ аударылған жеке тұлға МЗЖ, МКЗЖ есепке алу үшін ашылған **жеке зейнетақы шотына** (бұдан әрі – ЖЗШ) МЗЖ, МКЗЖ немесе өсімпұл есепке жазылған күннен бастап МЗЖ, МКЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

ЕЗЖ салымшысы, өзі үшін ЕЗЖ төленген жеке тұлға (алушы) ЕЗЖ сомасы келіп түскен күннен бастап ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

Бұл ретте МЗЖ, ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу үшін кәмелетке толмаған адамның заңды өкілінің келісімі талап етілмейді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 8-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

8. Жеке тұлғаның БЖЗҚ-да МКЗЖ есепке алу үшін ашылған **ЖЗШ** болған жағдайда, МКЗЖ есепке алу үшін қайтадан ЖЗШ ашылмайды.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары	4-бет 13- беттен
---	--------------------------------	---------------------

Бұл ретте агент МКЗЖ есепке алу үшін бұрын ашылған ЖЗШ-ға МКЗЖ немесе өсімпұл есепке жазылған күннен бастап МКЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылған болып есептеледі.

Өзі үшін ЕЗЖ аударылған жеке тұлғаның (алушының) БЖЗҚ-да ЕЗЖ есепке алу үшін ашылған ЖЗШ болған жағдайда, ЕЗЖ есепке алу үшін қайтадан ЖЗШ ашылмайды.

БЖЗҚ-да ЖМЗЖ есепке алу үшін шартты зейнетақы шоттарын (бұдан әрі – ШЗШ) ашу БЖЗҚ-ның ішкі қағидаларында белгіленген тәртіппен ЖМЗЖ аударылған кезде агенттің БЖЗҚ-ға ұсынған жеке тұлғалардың тізімі негізінде жүзеге асырылады.

БЖЗҚ-да жеке тұлғаның атына ашылған ШЗШ болған жағдайда ЖМЗЖ бұрын ашылған ШЗШ-ға аударылады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 2-1 тараумен толықтырылды.

2-1 тарау. Нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды есепке алу, нысаналы жинақтау шоттарын ашу тәртібі

8-1. Нысаналы талаптарға қатысушылар он сегіз жасқа толмаған, нысаналы талаптарға құқығы бар Қазақстан Республикасының азаматтары ғана бола алады.

8-2. Бала құқықтары туралы заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, нысаналы талаптарға қатысушыларға нысаналы талаптар олар он сегіз жасқа толғанға дейін жыл сайын есептеледі.

8-3. Нысаналы талаптар мен нысаналы жинақтарды есепке алу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен АҚШ долларымен жүргізіледі.

8-4. Нысаналы талаптарға қатысушы он сегіз жасқа толғанға дейін нысаналы талаптар Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының басқаруы бойынша инвестициялық қызмет шеңберінде қаржы құралдарына инвестицияланады.

8-5. НЖШ-ға нысаналы жинақтарды есепке алу және есепке жатқызу үшін БЖЗҚ-да нысаналы жинақтау шоттарын (бұдан әрі - НЖШ) ашу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

8-6. Нысаналы талаптарға қатысушы қайтыс болған не болмаса соттың нысаналы талаптарға қатысушыны қайтыс болды деп жариялау туралы шешімі заңды күшіне енген жағдайда нысаналы талаптарды есептеу тоқтатылады.

8-7. Нысаналы жинақтарды алушы он сегіз жасқа толғаннан кейін он жыл ішінде пайдаланылмаған, нысаналы жинақтарды алушының нысаналы жинақтары НЖШ-дан ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ-ға аударылады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 2-2 тараумен толықтырылды.

2-2 тарау. Дербес деректер субъектісінің дербес деректерін жинау және өңдеу ерекшеліктері

8-8. БЖЗҚ МЗЖ-ны немесе МКЗЖ-ны немесе ЕЗЖ-ны есепке алу үшін ЖЗШ, ШЗШ ашумен, зейнетақы жинақтарының сомасы туралы, сондай-ақ ШЗШ туралы ақпарат беруге байланысты қызметті жүзеге асырған кезде осы Қағиданың 1-тармағының 1)-4) және 4-1) тармақшаларында көрсетілген адамдардың дербес деректерін жинау және өңдеу олардың келісімінсіз жүзеге асырылады.

БЖЗҚ-ның Баланың құқықтары туралы заңның 7-3 бабымен белгіленген міндеттерін

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары	5-бет 13- беттен
---	--------------------------------	---------------------

орындауы үшін нысаналы талаптарға қатысушылардың, нысаналы жинақтарды алушылардың және олардың заңды өкілдерінің дербес деректерін жинау және өңдеу олардың келісімінсіз жүзеге асырылады.

3-тарау. Зейнетақы жарналары

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 9-тармаққа толықтырулар енгізілді.

9. Агенттер БЖЗҚ-ға МЗЖ-ны, ЖМЗЖ-ны, МКЗЖ-ны осы Кодексте айқындалатын мөлшерлемелер бойынша төлеуге тиіс.

10. МЗЖ салымшыларының, өздері үшін МКЗЖ аударылған жеке тұлғалардың ашылған ЖЗШ-ға МЗЖ, МКЗЖ есепке алынады. Жеке тұлғаның БЖЗҚ-да МЗЖ, МКЗЖ есепке алу үшін ашылған ЖЗШ болмаған жағдайда, ЖЗШ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясынан (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) келіп түскен, пайдасына МЗЖ, МКЗЖ немесе өсімпұл аударылған жеке тұлғалардың тізімдері негізінде ашылады.

Бұл ретте БЖЗҚ-ның Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген функцияларын іске асыруға қажетті жеке тұлғаның азаматтығы, мәртебесі, әрекетке қабілеттілігі, жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттың деректемелері, Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері бойынша тіркелуі, «электрондық үкімет» веб-порталында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының телефон нөмірі туралы мәліметтерді және болған жағдайда, ол туралы өзге де мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың тиісті ақпараттық жүйелерінен (бұдан әрі – МО АЖ) алады.

11. ЕЗЖ өздері үшін ЕЗЖ аударылған жеке тұлғалардың ашылған ЖЗШ-ға есептеледі. Жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ЕЗЖ есепке алу үшін ашылған ЖЗШ болмаған жағдайда, ЖЗШ ашу ЕЗЖ аудару кезінде БЖЗҚ-ға агенттер ұсынған жеке тұлғалардың тізімдері негізінде, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен ЕЗЖ аудару кезінде БЖЗҚ-ға жеке тұлғадан өз пайдасына немесе үшінші тұлғаның пайдасына түскен бастапқы жарнаның негізінде жүзеге асырылады.

12. ЕЗЖ-ны БЖЗҚ-ға ЕЗЖ салымшылары - жеке тұлғалар ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаған кезде ол өз пайдасына өз кірісі есебінен енгізеді. ЕЗЖ мөлшері мен оларды төлеудің мерзімділігін ЕЗЖ салымшысы өзі дербес айқындайды.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 13-тармаққа толықтырулар енгізілді.

13. БЖЗҚ кепілдік берілетін депозит бойынша кепілді өтеудің талап етілмеген сомасын депозиттерге ұйым ұсынған кепілдік берілген депозиттер бойынша кепілді өтемнің талап етілмеген сомалары бар салымшылардың (алушылардың) тізімі негізінде ЕЗЖ есепке алуға арналған ЖЗШ-ға **Депозиттерге кепілдік беру туралы** заңға сәйкес БЖЗҚ мен Ұйым арасында жасалған келісімде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде есепке жатқызады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 13-1 тармақпен толықтырылды.

13-1. Агенттер ЖМЗЖ-ны БЖЗҚ-ға өздері үшін ЖМЗЖ аударылатын жеке тұлғалардың тізімдерін қоса бере отырып, Мемлекеттік корпорация арқылы төлейді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 14-тармаққа толықтырулар енгізілді.

14. МЗЖ, ЖМЗЖ, МКЗЖ және ЕЗЖ Қазақстан Республикасының ұлттық

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары	6-бет 13- беттен
---	--------------------------------	---------------------

валютасымен төленеді. МЗЖ басқа адамдардың пайдасына төленуі мүмкін емес.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 15-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

15. МЗЖ, МКЗЖ есептеу, ұстап қалу (есепке жазу) және БЖЗҚ-ға аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды, ЖМЗЖ есептеу (есепке жазу) және БЖЗҚ-ға аудару және олар бойынша өндіріп алу тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 4-тарау атауына толықтырулар енгізілді.

4-тарау. Зейнетақы жинақтарының, ШЗШ-ның жай-күйі туралы ақпарат беру тәртібі мен тәсілдері

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 16-тармаққа өзгерістер енгізілді.

16. БЖЗҚ атына ЖЗШ ашылған жеке тұлғаға Кодекстің 55-бабы және 262-бабы 5-тармағының ережелерін ескере отырып, оның сұрау салуы бойынша БЖЗҚ-да ЖЗШ ашылған күннен бастап кез келген сұрау салынатын күнге зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты береді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 16-1 тармақпен толықтырылды.

16-1. Атына ШЗШ ашылған жеке тұлғаға ШЗШ-ның жай-күйі туралы ақпарат Кодекстің 56-бабында көзделген ережелер ескеріліп беріледі.

17. Зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпаратта:

1) сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы;

2) сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша есептелген инвестициялық кіріс сомасы;

3) Кодексте бекітілген, зейнетақы активтерінен түсетін БЖЗҚ-ның комиссиялық сыйақы шамасы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқармасы бекіткен және сұратылып отырған кезеңнің соңында қолданыстағы инвестициялық кірістен түсетін, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің комиссиялық сыйақысының шамасы;

4) ИПБ-ның басқару органы бекіткен, инвестициялық кірістен түсетін инвестициялық портфельді басқарушының (бұдан әрі – ИПБ) комиссиялық сыйақы шамасы;

5) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, БЖЗҚ-дан зейнетақы жарналарының, өсімпұлдың, зейнетақы жинақтары аударымдарының, төлемдерінің және (немесе) ұсталған жеке табыс салығының сомасы;

6) БЖЗҚ-дан біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін қолжетімді, МЗЖ есебінен құралған зейнетақы жинақтарының сомасы;

7) ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру үшін қолжетімді МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен құралған зейнетақы жинақтарының сомасы;

8) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, МЗЖ және (немесе) МКЗЖ, және (немесе) ЕЗЖ есепке алу үшін ЖЗШ-да көрсетілетін өзге де операциялардың сомасы туралы мәліметтер қамтылады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары	7-бет 13- беттен
---	--------------------------------	---------------------

«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 17-1 тармақпен толықтырылды.

17-1. ШЗШ-ның жай-күйі туралы ақпаратта:

1) сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша ЖМЗЖ сомасы;

2) сұратылатын кезеңнің басындағы және соңындағы жағдай бойынша есептелген инвестициялық кіріс сомасы;

3) Кодекспен бекітілген зейнетақы активтерінен БЖЗҚ-ның комиссиялық сыйақы шамасы және сұратылған кезеңнің соңында қолданыста болған, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасы бекіткен, инвестициялық кірістен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің комиссиялық сыйақы шамасы;

4) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, БЖЗҚ-дан зейнетақы жарналарының, өсімпұлдың, төлемдердің сомасы;

5) сұратылатын кезең ішіндегі күндерді көрсете отырып, ЖМЗЖ есепке алу бойынша ШЗШ-да көрсетілетін өзге де операциялардың сомасы туралы мәліметтер қамтылады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 18-тармаққа толықтырулар енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 ж. 30 сәуірдегі № 5 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 18-тармаққа толықтырулар енгізілді.

18. БЖЗҚ-ның атына ЖЗШ ашылған жеке тұлғаның сұратуы бойынша зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы, атына ШЗШ ашылған жеке тұлғаның сұратуы бойынша ШЗШ жай-күйі туралы ақпаратты беру тәсілдері:

1) БЖЗҚ-ның интернет-ресурсындағы және (немесе) «электрондық үкімет» веб-порталындағы жеке кабинет арқылы;

2) БЖЗҚ-ға атына ЖЗШ және (немесе) ШЗШ ашылған жеке тұлға жеке жүгінген кезде қолма-қол алу;

3) БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйесінде көрсетілген мекенжайға электрондық пошта арқылы;

4) пошта байланысы арқылы.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2025 ж. 30 сәуірдегі № 5 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 19-тармаққа өзгерістер енгізілді.

19. БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ережелер ескеріліп, беріледі.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 4-1 тараумен толықтырылды.

4-1 тарау. Нысаналы талаптардың, нысаналы жинақтардың сомасы туралы мәліметтерді беру тәртібі

19-1. БЖЗҚ нысаналы талаптардың, нысаналы жинақтардың сомасы туралы мәліметтерді Бала құқықтары туралы заңның 7-7 бабының ережелерін ескере отырып ұсынады.

19-2. Нысаналы талаптарға қатысушы он сегіз жасқа толғанға дейін нысаналы талаптардың сомалары және нысаналы талаптарға қатысушының нысаналы талаптарының сомасына есептелген инвестициялық кіріс туралы мәліметтер нысаналы талаптарға

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары	8-бет 13- беттен
---	--------------------------------	---------------------

қатысушының заңды өкіліне «электрондық үкімет» веб-порталын пайдаланушының кабинеті арқылы «Балалар туралы мәліметтер» бөлімінде ұсынылады.

19-3. Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толмаған азаматын нысаналы талаптарға қатысушының электрондық тізіміне енгізу туралы, оның ішінде нысаналы талаптарға қатысушының нысаналы талаптарының жалпы сомасы туралы мәліметтер олар болған жағдайда нысаналы талаптарға қатысушының жеке сәйкестендіру нөмірі бойынша БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында ұсынылады және нысаналы талаптарға қатысушы он сегіз жасқа жеткенге дейін қарау үшін қолжетімді.

19-4. Нысаналы жинақтардың сомасы туралы мәліметтер нысаналы жинақтарды алушыларға БЖЗҚ-ның интернет-ресурсы және (немесе) «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы беріледі.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 5-тарау атауына толықтырулар енгізілді.

5-тарау. БЖЗҚ-дан МЗЖ, ЖМЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару, зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруға беру тәртібі

20. БЖЗҚ-дан МЗЖ және МКЗЖ есебінен зейнетақы төлемдері Кодекстің 220-шы және 221-баптарында көрсетілген, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдарға беріледі.

Бұл ретте МЗЖ, МКЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген БЖЗҚ-дан МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделу ақысын төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды БЖЗҚ-ға қайтару қағидаларында айқындалады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 20-1 тармақпен толықтырылды.

20-1. ЖМЗЖ есебінен БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері Кодекстің 222-бабының 1-тармағында көрсетілген адамдарға беріледі.

Бұл ретте ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен БЖЗҚ-дан төленетін ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерінің мөлшерін айқындау және жүзеге асыру қағидаларында анықталады.

21. ЕЗЖ есебінен БЖЗҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері Кодекстің 223-бабында көрсетілген, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адамдарға беріледі.

Бұл ретте ЕЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін алу тәртібін БЖЗҚ бекіткен, БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында және БЖЗҚ-ның филиалдарында көзбен шолуға оңтайлы орынға орналастырылған ішкі нормативтік құжатқа сәйкес алушы дербес айқындайды.

22. Уәкілетті орган зейнетақы аннуитеті шарты бойынша зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымына аудару тәртібі мен мерзімдерін, зейнетақы активтерін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына беру және бір ИПБ-дан басқа ИПБ-ға беру немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беру тәртібі мен мерзімдерін бекітеді.

23. БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда БЖЗҚ оның отбасы мүшелеріне республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 94 еселенген мөлшері шегінде, бірақ қайтыс болған адамның ЖЗШ-да бар қаражаттан аспайтын мөлшерде, қайтыс болған адамның зейнетақы жинақтары қаражаты есебінен жерлеуге арналған біржолғы төлем жүргізеді.

Егер жерлеуге арналған біржолғы төлем жүзеге асырылғаннан кейін қайтыс болған адамның ЖЗШ-дағы зейнетақы жинақтарының қалдығы республикалық бюджет туралы

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары	9-бет 13- беттен
---	--------------------------------	---------------------

заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төмен зейнетақы мөлшерінен аспайтын соманы құраған жағдайда бұл қалдық жерлеуге арналған төлем ретінде қайтыс болған адамның отбасы мүшелеріне төленеді.

24. БЖЗҚ-да МЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 24-1 тармақпен толықтырылды.

24-1. ЖМЗЖ есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтері агенттің және (немесе) өзі үшін ЖМЗЖ төленген жеке тұлғаның меншігі болып табылмайды.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 5-1 тараумен толықтырылды.

5-1 тарау. Нысаналы жинақтар төлемдерін жүзеге асыру тәртібі

24-2. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу мақсатында нысаналы жинақтар төлеміне құқық Баланың құқықтары туралы заңның 7-6-бабының ережелерін ескере отырып, нысаналы жинақтары бар нысаналы жинақтарды алушыларға беріледі.

Нысаналы жинақтарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

24-3. Нысаналы талаптарға қатысушы немесе нысаналы жинақтарды алушы қайтыс болған не болмаса қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда, мұндай нысаналы жинақтар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 6-тарау атауына толықтыру енгізілді.

6-тарау. МЗЖ салымшысының, өзі үшін ЖМЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ аударылған жеке тұлғаның, алушының БЖЗҚ міндеттемелерін орындауына әсер ететін барлық өзгерістер туралы хабарлау тәртібі

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 25-тармаққа толықтырулар енгізілді.

25. БЖЗҚ-ның міндеттемелерін орындауына әсер ететін өзгерістерге:

1) бұрын БЖЗҚ-ға ұсынылған МЗЖ салымшысының, өзі үшін ЖМЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ аударылған жеке тұлғаның, алушының ұялы байланысының абоненттік құрылғысының телефон нөмірінің, электрондық мекенжайының (e-mail), тұрғылықты тұратын мекенжайының өзгеруі;

2) төлемге берілген өтініште көрсетілген алушының банктік деректемелерінің өзгеруі жатады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 26-тармаққа толықтырулар енгізілді.

26. МЗЖ салымшысы, өзі үшін ЖМЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ аударылған жеке тұлға,

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары	10-бет 13- беттен
---	--------------------------------	----------------------

алушы БЖЗҚ-ға Қағиданың 25-тармағында көрсетілген өзгерістер туралы осындай өзгерістер басталған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде БЖЗҚ-ның интернет-ресурсының жеке кабинеті немесе БЖЗҚ-ға жеке басты куәландыратын құжатпен және БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжатымен бекітілген нысан бойынша өтінішпен жеке өзі жүгіну арқылы хабарлайды.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 7-тарау атауына толықтыру енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 7-тарау атауына толықтырулар енгізілді.

7-тарау. МЗЖ салымшыларының, өздері үшін ЖМЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ аударылған жеке тұлғалардың, алушылардың, нысаналы талаптарға қатысушылардың және нысаналы жинақтарды алушылардың өтініштерін қарау

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 27-тармаққа толықтырулар енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 27-тармаққа толықтырулар енгізілді.

27. МЗЖ салымшысы, өзі үшін ЖМЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ аударылған жеке тұлға, алушы, нысаналы талаптарға қатысушы не оның заңды өкілі, нысаналы жинақтарды алушы БЖЗҚ-ға жазбаша, ауызша нысанда не электрондық құжат нысанында өтінішпен мынадай түрде жүгінеді:

1) оның құқықтары мен бостандықтарын немесе басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға ықпал көрсету туралы өтініш не Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің бұзылуы, БЖЗҚ-ның, лауазымды адамдардың жұмысындағы кемшіліктер не олардың қызметін сынау туралы хабарламасы;

2) БЖЗҚ қызметкерлерінің және өзге де адамдардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы, заңсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі туралы шағымдары;

3) зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі бойынша ақпарат беру туралы сұратуы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өтініштің өзге нысаны.

28. БЖЗҚ зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі бойынша Қағиданың 27-тармағында көрсетілген адамдардың өтініштерін қарауды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырады.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 8-тарау атауына толықтыру енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 8-тарау атауына толықтырулар енгізілді.

8-тарау. БЖЗҚ-ның МЗЖ салымшыларымен, өздері үшін ЖМЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ аударылған жеке тұлғалармен, алушылармен, нысаналы талаптарға қатысушылармен не оның заңды өкілдерімен, нысаналы жинақтарды алушылармен жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындау

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары	11-бет 13- беттен
---	--------------------------------	----------------------

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 ж. 30 қазандағы №13 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 29-тармаққа толықтырулар енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 29-тармаққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

29. МЗЖ салымшыларымен, өздері үшін ЖМЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ аударылған жеке тұлғалармен, алушылармен, **нысаналы талаптарға қатысушылармен, нысаналы жинақтарды алушылармен** жұмысты ұйымдастыру тәртібін бұзу тәуекелдерінің алдын алу, нысаналы талаптарды, **БЖЗҚ-ның шартты зейнетақы міндеттемелерін** есепке алу мақсатында БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарында:

1) ЖЗШ және (немесе) ШЗШ-ны, және (немесе) НЖШ-ны уақытында ашу және ЖЗШ-ға және (немесе) ШЗШ-ға, және (немесе) НЖШ-ға қаражаттың түсуі, зейнетақы жинақтарын төлеу және аудару, **ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін, нысаналы жинақтар төлемдерін** дұрыс есепке алуды қамтамасыз ететін рәсімдерді;

2) МЗЖ салымшыларының, өздері үшін ЖМЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ аударылған жеке тұлғалардың, алушылардың, **нысаналы талаптарға қатысушылардың** не олардың заңды өкілдерінің, **нысаналы жинақтарды алушылардың** шағымдары мен өтініштерінің белгіленген мерзімде мәні бойынша қаралуына кепілдік беретін рәсімдерді;

3) **ЖМЗЖ есебінен зейнетақы төлемдерін, нысаналы жинақтар төлемдерін,** зейнетақы жинақтарын аударудың және төлеудің уақтылы жүзеге асырылуына кепілдік беретін рәсімдерді;

4) МЗЖ салымшыларына, өздері үшін ЖМЗЖ, МКЗЖ, ЕЗЖ аударылған жеке тұлғаларға, алушыларға, **нысаналы талаптарға қатысушыларға** не олардың заңды өкілдеріне, **нысаналы жинақтарды алушыларға** сондай-ақ БЖЗҚ-мен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасауға ниеттенген адамдарға жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызмет мәселелері бойынша өтеусіз консультациялық қызметтер көрсету бойынша рәсімдерді;

5) зейнетақы және меншікті активтерді, **нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы активтерді есепке алудың** Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру және бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есептілік саласындағы заңнама талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ететін рәсімдерді;

6) комиссиялық сыйақының дұрыс есептелуін тексеруді жүзеге асыру тәртібі;

7) БЖЗҚ-да МЗЖ салымшыларымен, өздері үшін МКЗЖ, ЕЗЖ аударылған жеке тұлғалармен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жасау жөніндегі қызметтің ұйымдастырылуын бақылау бойынша рәсімдерді;

8) жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөніндегі функциялары жүктелген БЖЗҚ қызметкерлерінің қызметін бақылау бойынша рәсімдерді жүргізу бойынша талаптар регламенттелген және әзірленген.

30. БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарында регламенттелген, БЖЗҚ-да операциялық (ағымдағы) қызметті жүзеге асыру тәртібі қызметкерлердің қызметтерін, өкілеттіктері мен міндеттерін бөлуді қамтамасыз ететін және алаяқтық пен қателерге жол бермеу мақсатында бақылау мен растауды жүзеге асыру үшін қызметкерлерге шектеулі рұқсатты белгілейтін БЖЗҚ қызметкерлерінің жеке лауазымдық нұсқаулықтарын, сондай-ақ операцияларды жүргізудің техникалық тәртібі мен БЖЗҚ-ның операциялық (ағымдағы) қызметін жүзеге асыру тәртібін бұзу тәуекелдерінің алдын алу рәсімдерін қамтиды.

31. Қағиданың 29-шы және 30-тармақтарына сәйкес ішкі тәртіпте сәйкессіздіктер анықталған жағдайда БЖЗҚ-ның операциялық тәуекелдерін басқару бойынша

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары	12-бет 13- беттен
---	--------------------------------	----------------------

қолданыстағы тәртіпке сәйкес тәуекелдерді оқшаулау, жою және азайту бойынша шараларды әзірлеу арқылы тәуекел оқиғасы тіркеледі.

9-тарау. Қорытынды ережелер

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2024 ж. 26 қаңтардағы №2 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 32-тармаққа өзгерістер енгізілді.

32. **Өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып,** Қағида БЖЗҚ-ның интернет-ресурсында және БЖЗҚ филиалдарында көзбен шолуға оңтайлы жерге орналастырылады.

33. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері мен міндеттемелерін беру шеңберінде БЖЗҚ-ға зейнетақы жинақтары берілген жеке тұлғалар БЖЗҚ-да ЖЗШ ашылған күннен бастап МЗЖ, ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарға қосылған болып есептеледі.

34. Жинақтаушы зейнетақы қоры деп Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен лицензиясының қолданысы тоқтатылған, зейнетақы жарналарын және зейнетақы төлемдерін тарту жөніндегі қызметті жүзеге асырған заңды тұлға түсініледі.

35. БЖЗҚ Қағиданың 33-тармағына сәйкес зейнетақы жинақтары БЖЗҚ-ға берілген жеке тұлғалар алдындағы жинақтаушы зейнетақы қорларының барлық міндеттемелері бойынша құқықтық мирасқор болып табылады.

36. Қағиданы, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтыруларды БЖЗҚ Директорлар кеңесі бекітеді.

37. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасының, Жарғының, Кодекстің өзгеруі нәтижесінде Қағиданың жекелеген нормалары олармен қарама қайшы келетін болса, Қағиданың осы нормалары күшін жояды және Қағидаға тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасын, Жарғыны, Кодексті басшылыққа алу қажет.

Басқарма Төрағасы

Ж. Курманов

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидалары	13-бет 13- беттен
---	--------------------------------	----------------------

**«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы қағидаларын
келісу парағы**

Лауазым атауы	Атының инициалы, тегі	Қолы	Ескертпе
Басқарма Төрағасының орынбасары	А. Мадиева		
Басқарушы директор	Ж. Тулегенова		
Заң департаментінің директоры	Н. Бактыбаев		
Қауіпсіздік департаментінің директоры	М. Артыкбаев		
Тәуекел-менеджмент департаментінің директоры	Э. Талаева		
Бухгалтерлік есепке алу департаменті директорының орынбасары	С. Макашева		
Өңірлік даму департаменті директорының м.а.	Л. Жандосова		
Зейнетақы активтерін есепке алу және есептілік департаменті директорының м.а.	А. Тусеева		
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс басқармасының бастығы	А. Жукенова		

Осы парақ арқылы қағаз тасымалдағыштағы туынды құжаттың электрондық нұсқада келісілген құжатқа сәйкес келетіндігін растаймыз.

Өзірлеуші:

Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру
департаментінің директоры

(қолы) Н. Рахимова